



## VPN-ді баптау - Windows 8

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Баптау әкімші құқығымен жасалады. Windows 8 қауіпсіздік жүйесінің барлық ескертулеріне "Yes" немесе "Иә" деп жауап беру керек, өйткені бұл нұсқаулықтың әрбір қадамы байланысты дұрыс баптау үшін қажет. Желілік кәбіл компьютердің/ноутбуктың желілік картасына қосылып тұрғанына және жергілікті желі өздігінен (DHCP қолданып) қосылғандығына көз жеткізіңіз.


1) "Жұмыс үстелі" деген тақтаны тышқанның сол жағымен түртіңіз:




2) Экранның оң жақ төменгі бөлігінен сары үшбұрышта орналасқан леп белгісін табыңыз:




3) Сол таңбаны тышқанның оң жағымен түртіп, шыққан мәзірден **"Желілер мен жалпы қосылуды баптау орталығы"** дегенді басыңыз:




4) **"Жаңа байланысты немесе желіні жасау және баптау"** дегенді таңдаңыз:




5) Ашылған терезеден **"Жұмыс орнына қосылу"** деген бөлімді таңдап, **"Ары қарай"** батырмасын басыңыз:




6) Келесі терезеден **"Интернетке менің қосылуымды қолдану (VPN)"** дегенді таңдаңыз:




7) Келесі терезеден **"Интернетке қосылу баптауларын кейінге қалдыру"** деген бөлімді таңдаңыз.




8) Шыққан терезедегі "Интернет мекенжай" деген алаңға адрес L2TP серверінің мекенжайын енгізіңіз – "l2tp.internet.beeline.kz" - ал "Мекеме аты" деген алаңға "Beeline" немесе кез келген басқа өзіңізге ыңғайлы байланыс атауын енгізіңіз. "Есептік деректерді есте сақтау" және "Осы байланысты басқа тұтынушыларға қолдануға рұқсат беру" деген жерлерге жалаушаны қойып, "Жасау" батырмасын басыңыз:




9) Енді қайтадан "Желілер мен жалпы қосылуды басқару орталығы" деген жерге кіріп, "Адаптердің параметрлерін өзгерту" пунктін таңдап, "Желілік қосылу" деген терезеде жаңа ғана жасалған байланыс ұяшығының үстіне тышқанның оң жақ батырмасымен басып, "Сипаты" деген мәзір бөлігін таңдаңыз:



10) Шыққан терезеден "Қауіпсіздік" қапталына өтіп, келесі өзгертулерді енгізіңіз: "VPN түрі" деген жолдан "L2TP протоколы IPsec (L2TP/IPsec)" дегенді таңдап, "Деректерді шифрлау:" деген алаңға "Міндетті емес (Шифрлаусыз да қосылу)" дегенді қойыңыз. Шифрлау протоколдары тізімінен тек "CHAP құпиясөзін тексеру протоколы" дегенді белгілеңіз). "ОК" батырмасын басыңыз:



**11) "Желілік қосылулар"** терезесінен тышқанның сол жақ батырмасымен жаңа ғана жасалған байланысты іске қосыңыз. Оң жақта пайда болған панельден өзіңіздің байланысыңызды таңдап, **"Қосылу"** батырмасын басыңыз.



**12)** Шыққан терезеге Интернетке қосылатын атбелгіңіз бен құпиясөзіңізді енгізесіз. **"ОК"** дегенді басыңыз

